

Солтүстік Қазақстан облысында халықтың ұрпақты болу денсаулығын қорғау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы АҚПАРАТ

Облыста халықтың ұрпақты болу денсаулығын қорғау бойынша жұмыс Қазақстан Республикасында 2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде өткізіледі.

Облыста 571 637 адам тұрып жатыр, оның ішінде әйелдер 301 471 адам, соның ішінде 141 023 (46,7%) – фертильді жаста. Халықтың табиғи өсімі 2013 жылғы 1,72-ге қарсы 2,19-ды құрап отыр (ҚР 2014ж. - 15,55). 2014 жылдың қорытындысы бойынша бала туу көрсеткіші – 1000 адамға шаққанда 14,49-ды құрады (2013ж. – 14,90, ҚР 2014ж. - 23,20).

Ерлердің ұрпақты болу денсаулығын жақсарту және мамандандырылған андрологиялық көмек көрсету мақсатында облыста Ерлер денсаулығының орталығы ұйымдастырылды.

Ана мен бала өлімін азайту үшін кезек күттірмейтін шаралар қабылдау жөніндегі облыстық штаб құрылды. 1 жасқа дейінгі дүниеге келген және қайтыс болған балаларға, ана өлім-жітіміне, кезек күттірмейтін көмек көрсетуді талап ететін әйелдер мен балалардың ауыр жағдайына күн сайынғы мониторинг жасалады.

Дамуында ауытқумен туған және тұқым қуалайтын ауруларға диагностика жасау үшін тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында биохимиялық және ультрадыбыстық скрининг өткізіледі. 2014 жыл ішінде биохимиялық скринингтен 10 972 әйел өтті, 64,2 млн. теңгеге 28 188 тексеріс өткізілді.

Халық арасында, алдымен жүкті әйелдер арасында АИТВ-жұқпасын уақытында анықтауды бақылау – басым бағыт. Жүкті әйелдерді АИТВ-жұқпасына тексеру 100% құрайды.

Отбасын жоспарлау кабинеттері ашылды, жұмысты өңірлік үйлестіруші басқарады.

Түсік жасату санын азайту және отбасын жоспарлау мақсатында контрацепцияны қолдану арқылы қажетсіз жүктіліктің алдын алу жұмысы күшейтілді. 2014 жылы контрацепциямен 14 734 әйел қамтылды, контрацепция әдісін таңдау кезінде гормональды құралдардың жалпы салмағы ұлғайды – 36% (2013г-28%), жатыр ішіне құралдар енгізу пайызы азайған – 28% (30% 2013ж). Өлеуметтік қатер тобындағы отбасылар үшін 945,0 мың теңгеге контрацептивтер сатып алынды.

Әйелдер мен балалардың шекті межедегі ахуалының дамуы кезінде кезек күттірмейтін көмекті қамтамасыз ету үшін географиялық қолжетімділікті, медициналық ұйымдардың кадрлық және материалдық-техникалық ресурсын ескере отыра, медициналық ұйымдардың өзара әрекеттесу сызбасы әзірленіп, бекітілді.

Ауыл тұрғындары шекті межедегі ахуалға ұшыраған кезде кезек күттірмейтін көмекті санитарлық авиация қызметі көрсетеді. Әйелдер мен балаларға көмек көрсету үшін қажетті жабдықпен және көліктік куевезбен жарақтандырылған 2 реанимобиль бөлінді.

Облыстық перинаталдық орталық және облыстық балалар ауруханасының базасында аудандық орталық ауруханалардың науқастарды емдеу және қадағалау бойынша телефон арқылы кеңесі тәулік бойы жасалады, олар емдеу бағытын түзетеді, жағдайды күн сайынғы бақылауды жүзеге асырады немесе санитарлық авиация бригадасын жібереді. Өткен жыл ішінде кеңес алуға 344 өтініш тіркелді.

Ұрпақты болу проблемасы бар жұбайларға көмек көрсету үшін облыстық перинаталдық орталықта белсіздіктен емдеу кабинеті жұмыс істейді. 2012 жылдың соңында №3 қалалық аурухананың базасында ұрпақты болу бөлімшесі ашылды, оны техникалық жабдықтауға жергілікті бюджеттен 140 млн. теңге бөлінді. Бөлімше мамандары Израильде, Киев (Украина), Алматы ққ. арнайы оқудан өтіп келді.

Жасөспірімдер арасындағы ұрпақты болу денсаулығын нығайту

мақсатында облыстың білім беру мекемелерінде ерте жыныстық қатынас, түсік, жеке және жыныстық гигиена, жыныс жолымен таралатын жұқпалардан сақтану, ұрпақты болу денсаулығын сақтау және нығайту бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы ұдайы жүргізіледі. 2013 жылы 1944 іс-шара өткізілді, 2014 жылы – әр түрлі орындау нысанымен санитарлық-ағарту жұмыстары бойынша 2010 іс-шара.

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының (ОСӨСҚО) базасында 2011 жылдан бастап Жастар денсаулығы орталығы (бұдан әрі - ЖДО) жұмыс істейді. 2014 жыл ішінде орталықта 8973 адам болды, оның ішінде қыздар – 5558, ұлдар – 3415. Орталықтың мамандарымен өңірдегі орта және орта арнаулы оқу орындарында әр түрлі тақырыпта 175 үгіт және ағарту іс-шарасын өткізді.

Өткізіліп жатқан жұмыстың нәтижесінде:

- **жалпы өлім-жітім көрсеткіші 7% азайып**, 1000 адамға шаққанда 12,16-ны құрады (2013ж. – 13,18, ҚР 2014ж. – 7,65);
- **нәресте өлім-жітімінің көрсеткіші** 2013 жылғы 10,72-ден 8,38-ге дейін 1000 тірі туғанға шаққанда **21,8% азайды** (ҚР 2014ж. – 9,83);
- **бала өлім-жітімі** 1000 тірі туғанға шаққанда 13,7-ден 10,8-ге дейін **21 % азайды** (ҚР 2014ж. – 12,1);
- 2014 жылы ана өлім-жітімі тіркелген жоқ; **әйелдердің науқастануы** 2013 жылғы 56250,24-тен 51942,6-ға дейін 100 мың әйелге шаққанда **7,7% азайды** (ҚР – 57 152,4).

2014 жылы әйелдер мен ерлердің ұрпақты болу денсаулығына ықпал ететін аурулар деңгейі **9,8%-ға азайды**. 2014 жылы түсік жасаудың саны 116-дан 52 түсіп, **55%-ға азайды**.

Өткізіліп жатқан жұмысқа қарамастан, Солтүстік Қазақстан облысы бала туу деңгейі бойынша әлі күнге дейін Республиканың 16 өңірінің ішінде соңғы орында.